ҒАНЫНА - 150 ЖЫЛ

МӘШһҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

Ақын, фольклоршы, этнограф, философ Мәшһүр Жүсіп Көпей 1858 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Қазақ поэзиясын, туған халқының тарихын мен этнографиясын өте жетік білген ғұлама ақын, шежіреші, философ. Жасынан ауыл молдасынан дәріс алған. 1870 жж. Хамеретдин хазіреттің медресесінде, одан кейін Бұқарада оқыған. Ауыз әдебиеті нұсқаларымен ерте танысып, халықтық жыр-дастандарды жаттап өскен. 1875 жылы біраз уақыт оқытушы болған. "Дала уалаяты" газетінде хат-хабар, мақала жазып, тілші болған.

Мәшһүр Жүсіп 1887-90 жж. Орта Азияны аралап, Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұқара қалаларында араб, парсы тілдерін үйреніп, шығыстың классикалық әдебиеттерінен сусындаған. Осы жылдары түрколог-ғалым В.Радловпен танысып, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, бастырумен айналысты.

М.Көпеев 1907 жылы Қазан қаласында "Хал-ахуал", "Сарыарқа кімдікі", "Тірлікті көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз" атты кітаптарын бастырып шығарды. Бұл шығармаларында қазақ халқына бостандық беру, елде мектеп-медреселер ашу, жер мәселесі, сөз бостандығы сияқты өзекті мәселелерді көтерді.

Мәшһүр Жүсіп халық ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін дастандар мен хикаяларды, тарихи жырларды, Бұқар жырау, Шортанбай, Шөже және басқа ақын-жыраулардың әдеби мұрасын хатқа түсіріп қалдырған. Қазақ ауыз әдебиеті мен шығыс дастандарының үлгісінде "Түлшат-Шеризат", "Ғибратнама", "Шайтанның саудасы", "Баяннама" секілді дастандар жазған. Ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жинап, сақтап, келешек ұрпаққа жеткізуі оның биік парасаттылығын біддіреді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы күллі өмірін қазақ халқын сауаттандыруға жұмсаған бір туар дара тұлға.

Мәшһүр Жүсіптің 150 жылдығына арнап С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана **"Дархан даланың данышпан ұлы"** атты әдістемелік-библиграфиялық құрал шығарды. Бұл құрал екі бөлімнен тұрады: әдістемелік ұсыныстар және библиграфиялық көрсеткіш.

Әдістемелік ұсыныска "Халықтың Мәшһүрі" атты әдеби сағат, "Таусылмас қазына" кітап көрмесі, "Көнеден жеткен көрікті ой" атты әдеби кеш, "Мәшһүр мұрасы өшпес қазына" оқырман конференциясы, "Алты Алаштың ардақтысы" атты әдеби викторина жобалары және "Көпеев", "Вершина Машхура" атты кітаптардың түсаукесері енгізілді.

Әдістемелік-библиографиялық құралдың екінші тарауы 4 бөлімнен тұрады:

1. М.Көпейұлының шығармалары /М.Көпейұлының шығармалары көрсетілген/.

2. Мәшһүр Жүсіп еңбектерін зерттеу /зерттеулер мен түсініктемелер/.

3. Ойшыл, ағартушы, ақын, публицист /өмірбаянына арналған әдебиеттер тізімі көрсетілген/.

4. "Ғасырлар толғауы тудырған ескерткіш" /М.Жүсіп атындағы мешіт, Мәшһүр Жүсіп кесенесі жайлы/.

Бұл құралды жасауда С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың кітап қоры пайдаланылды. Әдебиеттер тізіміне 1975 жылдан бастап шыққан әдебиеттер енгізілді.

Әдістемелік-библиографиялық құрал кітапхана мен мәдени – ағарту мемкмелеріне, оқу орындарына, мұғалімдерге, студенттерге, ғылыми, бұқаралық ақпарат қызметкерлеріне жалпы, атақты жерлесіміз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығымен тереңірек танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

М.ИСАКАЕВА,
ақпараттық-библиографиялық бөлімнің меңгерушісі.